**Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1376 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 тамыздағы N 1165 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіру және оның материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жыл сайын қаңтарда және шілдеде жарты жылдық қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1376 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы Астана, 2003 ж.

## 1. Бағдарламаның паспорты

Атауы - Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме - Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 15 тамыздағы N 1165 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасы

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Әзірлеуге жауапты орган - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Мақсаты - Мыналардың:
түзеу мекемелерінде ұсталатын сотталғандарды ұстау жағдайларын;
қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаны орындаудың сапасын;
қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің кәсіби даярлығын жақсарту

Міндеттері - Жазаны орындау саласында заңнаманы жетілдіру, түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;
- Сотталғандарды ұстау жағдайларын халықаралық нормалар мен стандарттар талаптарына барынша жақындату;
- Жаңа түзеу мекемелерін салу және қолданыстағыларын қайта жаңғырту;
- Түзеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту;
- Бас бостандығынан айыруға және қылмыстық-құқықтық ықпалы ету шараларына баламалы жазаларды тиімді орындау үшін жағдайлар жасау;
- Сотталғандардың еңбекпен қамтылуын арттыру;
- Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің кәсіби даярлығын жақсарту

Қаржыландыру көздері - 2004-2006 жылдар мерзіміне республикалық бюджет қаражаты 7 млрд. 401 млн. 262 мың теңге сомасында

Күтілетін нәтижелер - Заңнамалық база қылмыстық-атқару жүйесінің тиімді қызметіне ықпал етеді
- Жазаны орындау кезінде сотталғандардың құқығы мен заңды мүдделері толығымен қамтамасыз етіледі
- Бас бостандығынан айырылған адамдардың жаза өтеу жағдайы жақсарады
- Түзеу мекемелерінде сотталғандарды ұстау тығыздығы азаяды
- Мыналар:
- түзеу мекемелерінде сотталғандарды ұстау қауіпсіздігінің деңгейі;
- түзеу мекемелерін күзету сенімділігі артады.
Мынадай:
- сотталғандардың барлық санаттары, өздері сотталған немесе қамалғанға дейін тұрған өңірлері шегінде жазаларын өтеу;
- сотталғандарды әлеуметтік оңалту мен бейімдеу үшін жағдайлар жасалады;
- Қылмыстық-атқару жүйесінің қаржылық-экономикалық жағдайы тұрақталады;
- Бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын еңбекке қабілетті адамдар үшін жұмыс орындарының саны артады;
- Сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету жақсарады;
- Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындайтын қылмыстық-атқару инспекцияларының функциялары кеңейеді;
- ҚАЖ қызметкерлерінің кәсіби даярлығы артады.

Іске асыру мерзімдері - 2004-2006 жылдар

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.11. N 97 қаулысымен.

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі - ҚАЖ) жазаларды атқарудың мемлекеттік тетігінің маңызды буыны болып табылады.

ҚАЖ-ды дамытудағы маңызды міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару жүйелері мекемелері

мен алдын-ала қамауға алу орындарының қызметін тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы" 1996 жылғы 1 қазандағы N 1199 және "Қазақстан Республикасы түзеу мекемелерінің және тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын жақсартудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 92 қаулыларымен бекітілген бағдарламалық құжаттар қабылданды және негізінен іске асырылды. Бұл ретте, позитивті нәтижелерге қол жеткізілді, оның ішінде сотталғандар құқығы кеңейтілді, олардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуы неғұрлым тиімді бола түсті, жаза өтеудің прогрессивті жүйесі енгізілді.

Қазіргі уақытта әлемдік қоғамдастық пенитенциарлық жүйені дамытудың сапалы жаңа кезеңіне өтуде. Осыған байланысты, ҚАЖ-да сотталғандарды ұстаудың халықаралық нормалар мен стандарттардың талаптарына барынша жақын жағдайын жасау қажет.

ҚАЖ-ды одан әрі дамыту жөніндегі міндеттер кешенін шешу тұрақты мемлекеттік қолдаусыз, халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтастықсыз мүмкін емес.

Мұнымен бағдарламалық құжаттарды қоғам дамуының осы кезеңі үшін сипатты өзекті проблемалар мен басымдықтарды ескере отырып, жазаны орындау саласында бұрын қолданыста болған бағдарламаларға қатысы бойынша сабақтастық қағидатын сақтай отырып әзірлеу қажеттілігі негізделеді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді.

## 3. ҚАЖ-дың қазіргі жай-күйін талдау

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмыстық-атқару жүйесін реформалау және осы жүйе қызметкерлерінің мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңымен ҚАЖ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарамағына берілді.

Қазіргі уақытта ҚАЖ органдары мен мекемелері бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталған адамдарға қатысты сот үкімдерін, қаулыларын және ұйғарымдарын орындайды, сондай-ақ сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Түзеу мекемелері (бұдан әрі - ТМ) қызметін реттейтін ведомстволық кесімдерге жазаларды орындау кезінде заңдылықты сақтау кепілдігін күшейтуге, сотталғандарды құқықтық және әлеуметтік қорғауға, шектеулер мен тыйымдар санын азайтуға,

мерзімінен бұрын босату үшін негіздерді кеңейтуге бағытталған түзетулер енгізілді.

Халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен бірлесіп ТМ-нің қызметкерін пенитенциарлық мекемелердегі қамаудағыларды ұстау жағдайларына қатысты халықаралық нормалармен және стандарттармен таныстыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сонымен бірге, ҚАЖ-дағы барлық оң өзгерістер жағдайында шешілмеген проблемалар да қалып отыр.

Республика аумағында режим түрлері бойынша ТМ-нің әркелкі орналасуын атап өту қажет. ТМ-нің қазіргі орналасуы кезінде жыл сайын сотталғандарды республиканың түрлі өңірлеріне көшіру жүргізіледі, оған тек 2002 жылы - 22 млн. теңгеден астам бюджет қаражаты жұмсалды. Бұл мақсаттарға 2003 жылы шамамен республикалық бюджетте 35 млн. теңге болатын қазіргі қажеттілік кезінде 25 млн. теңге бөлінді. Өмір бойы бас бостандығынан айырылған сотталғандар үшін ерекше режимдегі түзеу колониялары жоқ.

Алматы, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында қатаң режимдегі, Қызылорда облысында жалпы режимдегі ТМ жоқ. Республикада әйелдер мен кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған ТМ-нің саны жеткіліксіз, бұл сотталғандардың көрсетілген санаттарының әлеуметтік байланысын сақтау үшін қиындықтар туғызады.

Қолданыстағы ТМ-нің толып кетуі сотталғандарды орналастыруда, режим мен қадағалауды қамтамасыз етуде, бас бостандығынан айыру орындарында құқық бұзушылықтардың алдын-алуда, сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ олармен тәрбие жұмысын жүргізуде қиындықтар туғызады. Сол сияқты сотталғандарды еңбекпен қамтудағы, туберкулезбен науқастанған сотталғандарға емдеу жүргізуге, коммуналдық-тұрмыстық жағдайды ұйымдастыруға байланысты ахуал күрделене түсуде.

Қылмыстық саясатты ізгілендірудің объективті процестеріне сай бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларға сотталған адамдардың саны едәуір артады. Бұл ретте, қылмыстық-атқару инспекциялары, ең алдымен штат санының жеткіліксіздігінен де өздеріне жүктелген міндеттердің толыққанды орындалуын қамтамасыз етуге дайын емес. Бұл проблемаларды шешу үшін қылмыстық-атқару инспекцияларының функцияларын кеңейту аталмыш қызметті әрбір ауданда құра отырып, қызметкерлердің штат санын арттыру қажет.

ҚАЖ қызметкерлерін кәсіби даярлауда, әлеуметтік қамтамасыз етуде, сондай-ақ сотталғандардың камераларда оқшау емес, отрядтарда ұсталуынан қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде проблемалар бар.

ТМ-ді техникалық қадағалау мен күзет құралдары бүгіндері моральдық және физикалық жағынан ескірген.

Қазіргі уақытта бас бостандығынан айыру орындарында 7 мыңнан астам

туберкулезбен ауырғандар және 500 ЖҚТБ инфекциясын жұқтырғандар ұсталуда. Осы ауруларды емдеу мен алдын алу ТМ үшін қосымша медициналық құрал-жабдықтар сатып алу қажеттігін талап етеді.

Сотталғандардың еңбекпен қамтылуы бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын еңбекке қабілетті сотталғандардың жалпы санының 32,7 пайызын құрайды. ҚАЖ кәсіпорындары толық қуатында жұмыс істеп тұрған жоқ, олардың өнімдері рынокта бәсекеге қабілетті бола алмайды. Осыған байланысты, ҚАЖ кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу қажет.

Жоғарыда аталған проблемаларды шешу ҚАЖ-ды одан әрі дамытудың негізгі бағыттарын анықтайды.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:

ТМ-де ұсталатын сотталғандарды ұстау жағдайларын;

қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындау сапасын;

ҚАЖ қызметкерлерінің кәсіби даярлығын жақсарту жолымен ҚАЖ-ды одан әрі дамыту болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

жазаларды орындау, ТМ-де ұсталатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіру;

сотталғандарды ұстау жағдайларын халықаралық нормалар мен стандарттардың талаптарына барынша жақындату;

ТМ-нің жаңасын салу және қолданыстағысын қайта жаңғырту;

ТМ-нің материалдық-техникалық базасын жақсарту;

бас бостандығынан айыруға баламалы жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын тиімді орындау үшін жағдайлар жасау;

сотталғандардың еңбекпен қамтылуын арттыру;

ҚАЖ қызметкерлерін кәсіби даярлау.

## 5. Дамудың негізгі бағыттары мен Бағдарламаны іске асыру тетіктері

ҚАЖ қызметінің заңнамалық базасын жетілдіру

ҚАЖ-ды дамыту қолданыстағы заңнама базасын қайта қараумен, халықаралық нормалар мен стандарттардың талаптарына сәйкес жаңа нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеумен және қабылдаумен қатар жүруі тиіс.

Елбасы белгілеген, қылмыстық саясатты ізгілендіруге бағытталған бағытты іске асыру аясында қызметкерлер мен сотталғандардың қауіпсіздігін ескере отырып, жаза өткеру тәртібі мен шарттарын ізгілендіру жағына қарай өзгерту мәселелері бойынша

бірқатар нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын әзірлеу қажет.

Қазақстанда өмір бойы бас бостандығынан айыруды енгізуге орай, ТМД мен алыс шет елдердің тәжірибесін зерделей отырып, жазалаудың осы түрін орындауды регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу қажет.

ҚАЖ-дың ұйымдық-құрылымдық құрылысын жетілдіру

ҚАЖ-дың ұйымдық-құрылымдық құрылысын жетілдіру мақсатында:

жаңа ТМ-ді құру;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды оңалту орталықтарының қызметін ұйымдастыру;

сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындайтын қылмыстық-атқару инспекцияларының құқықтық мәртебесін көтеріп және осы қызметті әрбір ауданда құра отырып, қызметкерлердің штат санын арттырып, олардың функцияларын кеңейту;

ТМ-де қадағалау жөніндегі бақылаушылардың штат санын кезең-кезеңімен арттыру ;

ҚАЖ-ды басқару процесін сапалы ақпараттық-талдаумен қамтамасыз етуді құру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру қажет, оны оңтайландыру, компьютерлендіру құралдарының кеңінен енгізілуі мен байланыстың дамуы негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

ТМ-де режимді, қадағалауды және күзетуді ұйымдастыру

Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру жағдайында сотталғандарды жасақтық ұстау түзеу мекемелерінен біртіндеп камералық және жасақтық ұстаудың ақылға қонымды аралас үлгісіне көшіру жөнінде шаралар қабылдаған жөн, ол үшін жалпы және қатаң режимдердегі ТМ-де сотталғандарды камерада ұстауға арналған жатақханалар салудың орындылығын және мүмкіндігін зерделеу қажет.

ТМ аумағында орналасқан объектілер мен ғимараттарды одан әрі оқшаулау жөніндегі іс-шараларды жалғастыру.

Сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету

Сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау кепілдігін нығайту мақсатында:

адам құқықтарын қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарды қатыстыра отырып, сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға бақылауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Сотталғандардың заң көмегін алуы уақытылы және оңай болуын қамтамасыз ету.

Сотталғандармен тәрбие жұмысы

Сотталғандармен тәрбие жұмысы жазаны өтеу жағдайларын одан әрі ізгілендіруге, сотталғандарды әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-психологиялық қорғауды қамтамасыз етуге, оларға көмек және қолдау көрсетуге, шектеулер мен тыйым салуларды біртіндеп азайтуға, сотталғандарды ТМ-де болған бірінші күннен бастап

бостандықтағы өмірге дайындауға бағыт алуы тиіс.

Бұл ретте, сотталғандармен дербес жұмыс бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуге, сотталғандар мен олардың туыстары, қоғамдық, діни және өзге де ұйымдар арасындағы байланысты қолдау мен нығайтуға, діни қажеттіліктерді, рухани және моральдық сұраныстарды қанағаттандыруға, ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен жоралғыларды сақтауға жағдай жасауға маңызды орын берілуі тиіс.

Бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың орта білім алу жүйесін оқыту нысандарының икемді құрылымын құру негізінде жетілдіру қажет.

Сол сияқты, сырттай және дистанциялық оқыту нысандарын сотталғандардың анағұрлым кеңірек пайдаланып жоғары білім алу мүмкіндігін оны мемлекеттік білім берудің жалпы желісіне енгізе отырып қарау қажет.

Тәрбие аппараты сотталғандардың жеке басының дамуы үшін, олардың орта білім алу мүмкіндігіне жағдай жасауда, сотталғандардың бос уақытын ұйымдастырудың жаңа нысандары мен әдістерін әзірлеу мен енгізуді қамтамасыз етуде, олардың дене және психикалық денсаулығын сақтауда, клуб және үйірме жұмыстарының жүйесін кеңейтуде, сотталғандар мен олардың туыстары, қоғамдық және діни ұйымдар арасындағы байланысты нығайтуда жұмыс істеу керек болады.

Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды және өзгеде қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау

Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға сотталғандарды тәрбиелеу және оңалту құралдарын қолданудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін олардың мінез-құлқын психологиялық-криминалистикалық жағынан болжау әдістемесін әзірлеу керек болады.

Локалдық компьютерлік желілер мен қылмыстық-атқару инспекцияларында есепте тұрған сотталғандардың ақпараттық деректер базасын құру қажет болады.

Сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету

Сотталғандарды медициналық қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында:

аурухваналардың, емдеу құқығындағы ТМ-нің соның ішінде туберкулездің белсенді түрімен ауыратын науқас сотталғандарды ұстау мен амбулаторлық емдеуге арналғандарының материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша шаралар қабылдау;

ҚАЖ-дың денсаулық сақтау органдарымен сотталғандардың жұқпалы және басқа да ауруларының, сонымен қатар маскүнемдіктің, нашақорлықтың, ЖҚТБ инфекциясының алдын-алу, диагностикалау және емдеу мәселелерінде өзара іс-әрекетті жүзеге асыру;

ТМ медициналық бөлімдері қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды денсаулық сақтау органдары ұйымдарының базасында қамтамасыз ету қажет.

Үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен ҚАЖ мекемелерінде есірткіге тәуелді адамдарды емдеудің қазіргі заманғы әдістерін енгізуді қамтамасыз ету.

ЖҚТБ инфекциясын және басым жыныстық жолымен берілетін жұқпалы аурулардың алдын-алуды жүзеге асыру үшін ҚАЖ қызметкерлерінің және сотталғандардың ішінен еріктілерді даярлау жөніндегі жұмысты одан әрі жүргізу.

Сотталғандарды еңбекке тарту нысандары мен әдістерін жетілдіру

Сотталғандардың еңбекпен қамтылуы олардың еңбек рыногында сұранысқа ие жұмыс кәсіптері мен мамандықтарын алуына, босатылғаннан кейін олардың жұмысқа орналасуына ықпал етуі тиіс. Осыған байланысты:

білім беру органдарымен бірлесіп сотталғандарды кәсіби оқытудың өз өндірісінің мүдделерін, еңбек рыногын, сондай-ақ босатылғаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігін ескеретін икемді жүйесін ұйымдастыру;

сотталғандардың адал еңбегі мен оқуын ынталандыру бойынша құқықтық және экономикалық сипаттағы шараларды әзірлеу қажет.

ТМ кәсіпорындарының қызметін тұрақтандыру мақсатында:

ҚАЖ кәсіпорындарының Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіпті дамытудың ұзақ мерзімді мемлекеттік және инвестициялық жобаларына қатысуы;

жеңілдік несие беру есебінен ҚАЖ кәсіпорындарын техникалық қайта жарақтандыруды кезең-кезеңімен жүргізу;

сұранысқа ие өнімдерді шығару үшін ҚАЖ өндірістік объектілерін құрылымдық жағынан қайта бейімдеуді қамтамасыз ету;

ҚАЖ кәсіпорындарымен сотталғандардың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен қызметке қатысатын әртүрлі меншік нысандарындағы ұйымдар үшін салық жеңілдіктерін енгізу бойынша ұсыныстар енгізу мақсатқа сай келеді.

ҚАЖ үшін кадрлар даярлау

ҚАЖ қызметін дамыту кадрмен қамтамасыз ету жүйесін жетілдірусіз мүмкін емес.

Сонымен бірге, ҚАЖ-да жоғары білімі бар мамандар даярлау жөніндегі оқу орны жоқ. Осыған байланысты, ҚАЖ үшін жоғары білімі бар мамандар даярлау, сондай-ақ ҚАЖ қызметкерлерінің бастапқы даярлығына, біліктілігін арттыруға және қайта біліктендіруге арналған оқу орталығын құру мүмкіндігін қарау қажет.

ҚАЖ қызметкерлерінің қызметтік, дене және моральдық-психологиялық даярлық деңгейін арттыру бойынша шаралар қолдану қажет.

ҚАЖ саласындағы ғылымды дамыту

ҚАЖ қызметінің тиімділігін ғылыми қамтамасыз ету мақсатында ғылыми-зерттеу орталығын құру қажет, оның қызметі жаза атқару саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеу мен енгізуге, өткізілетін ұйымдастырушылық және құқықтық қайта құруларға ғылыми ілеспе жасауды қамтамасыз етуге және ҚАЖ-дың өмірлік қажеттіліктеріне сәйкес қолданбалы және іргелі сипаттағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруға бағдарлануы тиіс.

Қоғамдық бірлестіктермен және бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс.

Халықаралық ынтымақтастық

Бұл бағыттағы жұмыстың тиімділігі үшін:

қоғамдық бірлестіктермен, соның ішінде құқық қорғау ұйымдарымен және қайырымдылық қорларымен өзара іс-қимылды кеңейту;

мемлекеттің жаза атқару саласында жүргізіп жатқан саясаты туралы халыққа объективті ақпарат беру бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс жасау қажет.

Шет мемлекеттердің пенитенциарлық жүйелерімен халықаралық байланысты дамыту мақсатында:

тиісті халықаралық шарттар жасасу;

ҚАЖ қызметінің өзекті мәселелері жөніндегі халықаралық конференцияларға, семинарларға және курстарға қатысу;

ҚАЖ қызметкерлерінің даярлығы мен біліктілігін арттыру саласында ынтымақтастық жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

ҚАЖ-дың материалдық-техникалық базасын жақсарту

ҚАЖ-дың материалдық-техникалық базасын жақсарту мыналарды:

жаңа ТМ салуды;

қолданыстағы ТМ-ді жаңғыртуды;

ТМ-ді қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жарақтандыруды, сондай-ақ қолданыстағысын күрделі жөндеуді;

ҚАЖ үшін арнайы автокөлік сатып алуды;

ҚАЖ қызметкерлерін қазіргі заманғы жеке қорғаныс, байланыс құралдарымен және қару-жарақпен қамтамасыз етуді көздейді.

Бағдарламаны іске асыру тетігінің тиімділігі ҚАЖ-дың орталық және аумақтық органдарының қызметтің барлық бағыттары бойынша мақсатты және келісілген іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі.

## 6. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаның қаржылық шығындарын талап ететін іс-шараларын іске асыру 2004-2006 жылдар кезеңінде, оның ішінде жылдар бойынша:

2004 жыл - 2 866 580 мың мың теңге;

2005 жыл - 2 147 400 мың теңге;

2006 жыл - 2 387 282 мың теңге республикалық бюджет қаражаты есебінен 7 млрд. 401 млн. 262 мың теңге сомасында көзделген.

2005 және 2006 жылдарға арналған шығыстардың сомасы алдын-ала болып табылады және республикалық бюджет комиссиясы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде айқындайтын болады.

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.11. N 97 қаулысымен.

## 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:
заңнамалық база ҚАЖ-дың тиімді қызметіне ықпал ететін болады;
жазаны орындау кезінде сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделері толығымен қамтамасыз етілетін болады;
бас бостандығынан айырылған адамдардың жаза өтеу жағдайы жақсарады;
ТМ-де сотталғандарды ұстау тығыздығы азаяды;
мыналар:
ТМ-де сотталғандарды ұстау қауіпсіздігінің деңгейі;
ТМ-ді күзету сенімділігі артады;
мынадай:
сотталғандардың барлық санаттары, өздері сотталған немесе қамалғанға дейін тұрған өңірлері шегінде жазаларын өтеу;
сотталғандарды әлеуметтік оңалту мен бейімдеу үшін жағдай жасалады;
ҚАЖ-дың қаржы-экономикалық жағдайы тұрақталады;
бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын еңбекке қабілетті адамдар үшін жұмыс орындарының саны артады;
сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету жақсарады;
қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды орындайтын қылмыстық-атқару инспекцияларының функциялары кеңейеді;
ҚАЖ қызметкерінің кәсіби даярлығы артады.

## 8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.12. N 843 , 2006.02.11. N 97 қаулыларымен.

| Р/С N | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындау мерзімі | Болжамды шығыстар (млн. теңге) | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

**ҚАЖ қызметінің заңнамалық базасын жетілдіру**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық кесімдер жобаларын жаза өткерудің тәртібі мен жағдайларын ізгілендіру жағына қарай өзгерту бөлігінде әзірлеу | Нормативтік құқықтық кесімдер | ӘдМ | 2005 жыл ішінде | | - |
| 2 | Мыналарды: өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға арналған ішкі тәртіп ережесін; өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды қадағалауды, айдауылдауды және күзетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу | Нормативтік құқықтық кесімдер | ӘдМ | 2004 жылғы 2 тоқсан | | - |
| | **ҚАЖ-дың ұйымдық-құрылымдық құрылысын жетілдіру** | | | | | |
| 3 | Жаңа ТМ-ді құру | Үкімет қаулылары | ӘдМ | 2004-2006 жылдар ішінде | | - |
| 4 | Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды оңалту орталықтарының қызметін ұйымдастыру жөнінде ұсыныс енгізу | Үкіметке ұсыныстар | ӘдМ | 2005 жылғы 3 тоқсан | | - |
| 5 | алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.02.11. N 97 қаулысымен. | | | | | |
| 6 | Қылмыстық-атқару инспекцияларын мемлекеттік мекемелерге қайта құру | Үкімет қаулылары | ӘдМ | 2006 жыл ішінде | - | - |

7 алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.02.11. N 97 қаулысымен.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | ҚАЖ-дың арнайы анықтамалық-ақпараттық жүйесін құру | Үкіметке ақпарат | ӘДМ | 2004-2005 жылдар ішінде | 37.237 5.000 | РБ -/- |

**Түзеу мекемелерінде режимді, қадағалауды және күзетуді ұйымдастыру**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Жалпы және қатаң режимдердегі ТМ-де сотталғандарды камерада ұстауға арналған жатақханалар салудың орындылығын және мүмкіндігін қарастыру | Үкіметке ұсыныстар | ӘдМ | 2005 жылғы 3 тоқсан | - | - |
| 10 | ТМ аумағында орналасқан объектілер мен ғимараттарды одан әрі оқшаулау жөнінде ұсыныс енгізу | Үкіметке ұсыныстар | ӘдМ | 2004 жылғы 3 тоқсан | - | - |

**Сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Адам құқықтарын қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарды қатыстыра отырып сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға бақылауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Тиісті ұсынымдар | ӘдМ | 2005 жылғы 4 тоқсан | - | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Сотталғандардың заң көмегін алуы уақытылы және қол жетімділігін қамтамасыз ету | Тиісті ведом. стволық шешім | ӘдМ | 2004 жылғы 3 тоқсан | - | - |
| | **Сотталғандармен тәрбие жұмысы** | | | | | |
| 13 | Сотталғандар арасында тәрбие процесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру | Тиісті ведом. стволық шешімдер | ӘдМ БҒМ | 2004-2006 жылдар ішінде | - | - |
| 14 | Сотталғандармен жұмыстың үлгілік дербес бағдарламаларын әзірлеу және ТМ-нің практикасына енгізу | Тиісті ведом. стволық шешім | ӘдМ | 2005 жылғы 4 тоқсан | - | - |
| 15 | Сотталғандар мен олардың туыстары, қоғамдық, діни және өзге де ұйымдар арасындағы байланыстарды қолдау мен нығайту, діни қажеттіліктерді, рухани және моральдық сұраныстарды қанағаттандыру, ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптар мен жоралғыларды сақтау үшін жағдайлар жасау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірлеу | Әдістемелік ұсынымдар | ӘдМ | 2005 жылғы 4 тоқсан | - | - |
| 16 | Бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың орта жалпы білім алу жүйесін жетілдіру | Тиісті ведом. стволық шешімдер | ӘдМ, БҒМ | 2004 жыл ішінде 4 тоқсан | - | - |
| 17 | Сотталғандардың сырттай және | Үкіметке ақпарат | ӘдМ, БҒМ | 2004 жылғы | | |

дистанциялық оқыту нысандарын пайдалана отырып жоғары білім алу мүмкіндігін қарастыру | 4 тоқсан

**Сотталғанды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау**

18 Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаларға сотталғандардың тәртібін психологиялық-криминологиялық жағынан болжаудың әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу | Әдістемелік нұсқаулар | ӘдМ | 2005 жылғы 1 тоқсан | - | -

19 алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.02.11. N 97 қаулысымен.

**Сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету**

20 ТМ-дегі бактериологиялық зертханалар үшін арнайы медициналық жабдықтар мен мүкәммал сатып алу | Жабдықты орнату | ӘдМ | 2004, 2005 және 2006 жылдар ішінде | 49.110 10.000 50.000 | РБ -/- -/-

21 ҚАЖ-дың денсаулық сақтау органдарымен сотталғандардың жұқпалы және басқа да ауруларының, соның ішінде маскүнемдіктің, нашақорлық пен ЖҚТБ инфекциясының алдын-алу, диагностикалау және емдеу мәселелерінде өзара іс-әрекетті қамтамасыз ету. | Ведомство аралық шешім | ӘдМ, ДСМ | 2004 жылғы 4 тоқсан | - | -

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 22 | Денсаулық сақтау органдары ұйымдарының базасында ҚАЖ-дың медициналық бөлімшелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету | Ведомствоаралық шешім | ӘдМ, ДСМ | 2004 жылғы 4 тоқсан | - | - |
| 23 | Үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен есірткіге тәуелді адамдарды емдеудің қазіргі заманғы әдістемесін ТМ-ге енгізу | Тиісті ведомстволық шешім | ӘдМ, ДСМ | 2004 жылғы 3 тоқсан | - | - |
| 24 | ЖҚТБ инфекциясының және басым жағдайда жыныс жолдарымен жұғатын инфекциялардың алдын-алуды жүзеге асыру үшін ҚАЖ қызметкерлері мен сотталғандардың арасынан еріктілерді даярлауды жүргізу | Үкіметке ақпарат | ӘдМ | 2004 жылғы 4 тоқсан | - | - |

**Сотталғандарды еңбекке тарту нысандары мен әдістерін жетілдіру**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 25 | ТМ-де кәсіби мектептерді ашу жөніндегі жұмысты жалғастыру | Ведомствоаралық шешім | ӘдМ, БҒМ | 2004-2006 жылдар ішінде | - | - |
| 26 | Еңбекке қабілетті барлық сотталғандар үшін жұмыс орындары санын көбейту жөнінде жағдай жасау | Үкіметке ақпарат | ӘдМ, ИСМ | 2004-2006 жылдардың 4 тоқсаны | - | - |
| 27 | Мыналар: Қазақстан | Үкіметке ұсыныстар | ӘдМ, ҚМ, | 2005 жылғы | - | - |

Республикасындағы СІМ 2 өнеркәсіпті дамытудың тоқсан ұзақ мерзімді мемлекеттік және инвестициялық жобаларына ҚАЖ кәсіпорындарына жеңілдік кредиттерін бөлу және оларды қатыстыру;

сотталғандарды еңбекпен қамтамасыз ету бойынша ҚАЖ кәсіпорындармен бірге бірлескен қызметке қатысушы меншіктің түрлі нысандарының ұйымдары үшін салық жеңілдіктерін енгізу;

ҚАЖ-дың қаржы-экономикалық жағдайын тұрақтандыру және оның өндірістік базасын дамыту;

Сотталғандардың еңбегін ынталандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу

28 Сұранысқа ие Тиісті ӘдМ, 2004- - - өнімдерді шығару үшін ведом. ИСМ 2006 ҚАЖ-дың өнеркәсіптік стволық жылдар объектілерін шешімдер ішінде құрылымдық қайта бағдарлауды қамтамасыз ету

**ҚАЖ үшін кадрлар даярлау**

29 Мыналар: Үкіметке ӘдМ, 2004 - - ҚАЖ үшін жоғары ұсыныс ІІМ, жылғы

білімі бар мамандар БҒМ 2
даярлау; тоқсан
ҚАЖ қызметкерлерінің
бастапқы даярлығына,
біліктілігін
арттыруға және қайта
біліктендіруге
арналған оқу
орталығын құру
бойынша ұсыныстар
әзірлеу

30 ҚАЖ қызметкерлерінің Тиісті ӘдМ 2004- - -
қызметтік, дене және ведом. 2006
моральдық- стволық жылдар
психологиялық шешімдер 1
даярлығының деңгейін тоқсан
арттыру жөнінде
шаралар қабылдау

**ҚАЖ саласындағы ғылымды дамыту**

31 ҚАЖ-дың Үкіметке ӘдМ, 2004- - -
ғылыми-зерттеу ұсыныстар БҒМ жылдар
орталығын құру 4
жөнінде ұсыныс тоқсан
әзірлеу

**Қоғамдық бірлестіктермен және бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс. Халықаралық ынтымақтастық**

32 алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.02.11. N 97 қаулысымен.

33 Мемлекеттің жаза Үкіметке ӘдМ, 2004- - -
атқару саласында ақпарат АқМ 2006
жүргізіп жатқан жылдар
саясаты туралы 4
халықты объективті тоқсан
түрде хабардар ету
жөнінде бұқаралық
ақпарат құралдарымен
өзара іс-қимыл орнату

34 Жаза атқару желісі Халық. ӘдМ, 2004- - -
арқылы халықаралық аралық СІМ 2006
шарттар жасасу шарт. жылдар

жөніндегі жұмысты тардың ішінде
жалғастыру жобалары

35 ҚАЖ қызметінің өзекті мәселелері жөніндегі халықаралық конференцияларға, семинарларға және курстарға қатысу | Үкіметке ақпарат | ӘдМ, СІМ | 2004-2006 жылдар 4 тоқсан | - | -

36 ҚАЖ қызметкерлерінің даярлығы мен біліктілігін арттыру желісі бойынша шетел мемлекеттерінің пенитенциарлық жүйесімен ынтымақтастық орнату | Халық. аралық шарт. тардың жобалары | ӘдМ, СІМ | 2004-2006 жылдар ішінде | - | -

**ҚАЖ-дың материалдық-техникалық базасын жақсарту**

37 Мыналарды: | Үкіметке ақпарат | ӘдМ | 2004 жылғы 4 тоқсан | 286.000 | РБ
Ақтөбе облысы Жем кентінде "Эмба-5" әскери объектісін 1500 орынды толтыру лимиті бар қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңғыртуды;

Қызылорда қаласындағы қабырғалық материалдар зауытын 1 000 орынды толтыру лимиті бар жалпы режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңғыртуды; | | | 2004, 2005 2006 жылдар ішінде | 310.000 283.800 | РБ -/-

Тараз қаласындағы психоневрологиялық үй интернатын 1200 орынды толтыру | | | 2004-2005 жылдар ішінде | 250.000 200.000 | РБ -/- -/-

лимиті бар жалпы режимдегі түзеу колониясы етіп
қайта жаңғыртуды;

Атырау қаласындағы 2004- 200.000 РБ
бұрынғы 2005 143.000 -/-
кәсіптік-техникалық жылдар -/-
училищенің ғимаратын ішінде
300 орынды толтыру лимиті бар сотталған әйелдерді ұстауға арналған түзеу колониясы етіп
қайта жаңғыртуды;

Орал қаласындағы 2004 20.520 РБ
РУ-170/3 қоныс және 571.260 -/-
колониясын 900 орынды 2006
толтыру лимиті бар жылдар
қатаң режимдегі ішінде
түзеу колониясы етіп
қайта жаңғыртуды;

Алматы облысының 2004 197.300 РБ
Заречный кентіндегі 2005 700.000 -/-
ЛА-155/12 түзеу қоныс және 814.070 -/-
колониясын 1 500 2006 164.150 -/-
орынды толтыру лимиті жылдар
бар қатаң режимдегі ішінде
түзеу колониясы етіп қайта жаңғыртуды
аяқтау

38 ТМ-ді ерекше Үкіметке ӘдМ 2004, 400.000 РБ
жабдықтармен, әскери ақпарат 2005 20.000 -/-
мақсаттағы және 20.000 -/-
материалдар мен және 2006
активтермен жыл.
жарақтандыру дардың
4
тоқсаны

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 39 | Павлодар қаласындағы "Химпром" ААҚ-тың N 822 және 823 өндірістік корпустарын 1500 орынды ерекше режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңғыртуды жүргізу | Үкіметке ақпарат | ӘдМ | 2004, 2005 және 2006 жылдар ішінде | 33.700<br>350.000<br>411.300 | РБ<br>-/-<br>-/- |
| 40 | ҚАЖ ғимараттары мен құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізу | Үкіметке ақпарат | ӘдМ | 2004, 2005 және 2006 жылдар 4 тоқсан | 124.100<br>176.550<br>242.502 | РБ<br>-/-<br>-/- |
| 41 | 1. Мыналарды: 51 ТМ-нің инженерлік-техникалық құрылыстарын жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуді және сараптама жасауды, сондай-ақ инженерлік-техникалық күзет құралдары жабдықтарын сатып алуды; | Жобалық сметалық құжат. тама, құрал-жабдық | ӘдМ | 2004 жыл ішінде | 127.417 | РБ |
| | | | | 2004 жылғы 4 тоқсан | 500.000 | РБ |
| | | Үкіметке ақпарат | | | | |
| | мынадай 51 ТМ-нің инженерлік-техникалық құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізу:<br>1) ЛА-155/4; АК-159/9;<br>ЕЦ-166/25; КА-168/2;<br>ЖД-158/2; РУ-170/2;<br>ЕЦ-166/10; АК-159/21;<br>УК-161/4; АП-162/3;<br>ЛА-155/14; ЛА-155/8;<br>ЖД-168/4; АП-162/4; | | | 2005 жылғы 4 тоқсан | 200.000 | РБ |

ЕС-164/3; ОВ-156/15; АК-159/17;
2) ЛА-155/6; ОВ-156/6; АК-159/7; ИЧ-167/9; АП-162/2; ЕС-164/6; УК-161/2; ОВ-156/2; ЕС-164/4; ЕС-164/8; ЕЦ-166/11; ГМ-172/1; ГМ-172/6; ИЧ-167/3; ЕЦ-166/4; ИЧ-167/2; — 2006 жылғы 4 тоқсан — 147.550 — РБ

3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.02.11. N 97 қаулысымен

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 42 | ТМ-нің коммуналдық-тұрмыстық жабдықтарын ауыстыруды жүргізу | Құрал-жабдық. ты пайдалану | ӘдМ | 2004, 2005 және 2006 жылдар ішінде | 214.296<br>64.000<br>64.000 | РБ<br>-/-<br>-/- |
| 43 | Арнайы контингентті тасымалдауға арналған арнайы автокөліктерді және ҚАЖ мұқтаждарына арналған автокөліктерді сатып алу | Автомо. биль. дерді пайдалану | ӘдМ | 2004, 2005 және 2006 жылдар ішінде | 114.200<br>50.000<br>50.000 | РБ<br>-/-<br>-/- |
| 44 | Жиыны: | | | 2004 жыл<br>2005 жыл<br>2006 жыл | 2.866.580<br>2.147.400<br>2.387.282 | РБ<br>-/-<br>-/- |
| | Барлығы | | | 2004-2006 жылдар | 7.401.262 | РБ |

---

Ескерту:

Қысқарған сөздердің мағыналары:

ӘдМ - Әділет министрлігі

ІІМ - Ішкі істер министрлігі

ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

СІМ - Сыртқы істер министрлігі
ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі
АқМ - Ақпарат министрлігі
ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі
БҒМ - Білім және ғылым министрлігі
ҚМ - Қаржы министрлігі
РБ - Республикалық бюджет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК